

Жаңаарқа ауданы аумағында тұратын 1993 жылы туған азаматтарды 2010 жылғы әскерге шақыру участкесіне тіркеу шараларын үйымдастыру туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы әкімінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы N 1 шешімі. Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 11 қаңтарда N 8-12-65 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы әкімінің 2010 жылғы 6 желтоқсандағы N 1 шешімімен

*Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы әкімінің
2010.12.06 N 1 шешімімен.*

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 17 бабының 3 тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы "Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырушыларды әскери есепке алууды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" N 371 қаулысына орай және Жанаарқа ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің 2009 жылғы 9 желтоқсандағы N 1180 ұсынысын қарай келе Жанаарқа ауданының әкімі **ШЕШІМ ЕТТИ**:

1. 1993 жылдың 19 қараша айында Қарағанды облысының Аксу ауданының қорғаныс істерінің жөніндегі бөлімінің әскерге шақыру участкесіне тіркеу жұмыстары 2010 жылдың 19 қараша айында жүргізілсін.

2. Аудандағы мекемелерде, кәсіпорындарында, ұйымдарда жұмыс істейтін тіркеуге жататын азаматтардың тізімін, Ф-2 құжаттарын 2010 жылдың 1 қаңтарына дейін сұратып алу Жаңаарқа ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы Сағадат Қуанышбекулы Қасымовқа тапсырылсын.

3. Аудандық медициналық бірлестігіне (Жаныл Жамантікқызы Қожабековаға
келісімі бойынша) :

1) Өскерге шақырылатын азаматтарды дәрігерлік зерттеуден өткізу мақсатында аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөліміне қажетті санда
дәрігерлер бөлу;

2) қорғаныс істері жөніндегі бөлімімен белгіленген мерзімде аудандық медициналық мекемелерге қосымша бақылау жүргізу үшін төсек орнын қарастарып, тиісті актілерін толтыру;

3) аудандық медициналық мекемелер арқылы 2010 жылдың қантар- наурыз айлары аралығында қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің жоспары және есептеуі

бойынша барлық тіркеуге жататын азаматтарды флюорографиялық зерттеуден өткізу маңсатында жылжымалы флюорографиялық көлік аппаратымен қамтамасыз ету;

4) тіркеу мерзімінде тістерін емдеуді қажет ететін азаматтарды сауықтандыру

•
,

5) дәрігерлік комиссияны қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету;

6) әскерге шақыру участкесіне тіркелу кезінде, емделуді қажет ететін азаматтарды тізім бойынша аудандық медицина бірлестігі мекемесіне бекітіп, негізгі әскерге шақыру уақыты мерзіміне дейін емделуін қамтамасыз ету үсінілсін.

4. Кент және селолық округтердің әкімдеріне, барлық ұйымдар, мекемелер, кәсіпорындар басшыларына, аудандық білім беру, денешынықтыру және спорт беліміне, кәсіптік мектеп директорына:

1) Атасу кентінде тіркеуге жататын азаматтарға шақыру қағазы беріліп, оларды қорғаныс істері жөніндегі бөлімге кесте бойынша белгілеген күндері әскерге шақыру участкесіндегі комиссияға жеткізу;

2) кент және селолық округтеріндегі мектеп директорлары жергілікті жерлерінде тіркеуден өтетін азаматтарды кесте бойынша дәрігерлік сараптамадан өткізу үшін әр дәрігер мамандарына жұмыс бөлмелерін қамтамасыз ету;

3) азаматтарды шақыру пунктіне жіберу алдында қажетті құжаттардың толықтылығын тексеру;

4) тіркеуден өтетін азаматтарды кесте бойынша дәрігерлік сараптамадан өткізу үшін оқудан босату тапсырылсын.

5. Аудандық ішкі істер бөліміне (Ұлан Шекірұлы Қасымовқа - келісімі бойынша) азаматтарды шақыру пунктіне тасымалдау кезінде төтенше жағдай болдырмау үшін тиісті шаралар қолдану ұсынылсын.

6. Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 44-і бабына сәйкес азаматтардың тіркеу комиссиясына келуін үйімдастыру және бақылау мақсатында төменде көрсетілген құрамында іздеу тобы құрылсын:

Танкебаев Бекмурат – іздеу тобының бастығы, қорғаныс
Камалович істері жөніндегі бөлімінің
орынбасары

Қасымов Жағыпар – аудандық ішкі істер бөлімінің
Фазылұлы қылмыстық іздестіру бөлімінің
бастығы, іздеу тобының мүшесі

және осы Заңның 17 бабының 6 тармағына сәйкес азаматтарды өскерге шақыру участкесіне тіркеу комиссиясы келесі қурамда күрілсын:

Қасымов Сағадат – қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің
Қуанышбекұлы бастығы, комиссия төрағасы

Жандаuletov Marat – аудан әкімінің орынбасары, комиссия
Жандаулетұлы төрағасының орынбасары

Абжанов Жайма – Жанаарқа ауданының ішкі істер
Үмбетжанұлы бөлім бастығының орынбасары

Жақаева Манара – аудандық медициналық бірлестігінің
Жарылгасынқызы медбібісі, комиссия хатшысы

Мүшелері:

Майшин Талғат Абетбайұлы	– дәрігер хирург
Сейфулғазина Еркін	– медбібі-окулист
Оралбаева Аян Даuletбайқызы	– дәрігер-неврапатолог
Оралбаева Аян Даuletбайқызы	– дәрігер-психиатр
Бурштейн Борис Ефимович	– дәрігер стоматолог
Мәдиев Жұлдыз Балтабекұлы	– дәрігер отоларинголог
Мусаметов Вахиджан Фархадбекович	– дәрігер дерматолог
Қалжанова Замзагуль Бағдатқызы	– дәрігер-терапевт
Асқарова Рыскул – медбібі	

7. Аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінде азаматтарды дәрігерлік байқаудан ұйымшылдықпен өткізу үшін Жанаарқа ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бастығы Шолпан Қалуқызы Ибраеваға техникалық қызметкерлердің жұмысын атқару үшін қоғамдық жұмысқерлермен қ а м т а м а с ы з е т с і н .

8. Аудандық білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімінің бастығы Жетпісбай Қырғызбайұлы Жетібаевқа жастарды әскерге шақыру алдында дене шынықтыру және патриоттық тәрбиелеуі, оларды қажетті әскери білім және тәжірибелік дағды алуын қамтамасыз ету ұсынылсын.

9. Аудандық қаржы бөлімінің бастығы Аманкелды Жылқыбайұлы
Ж ы л қ ы ба е в қ а :

1) Азаматтарды әскери қызметке тіркеу және шақыру жөніндегі іс-шаралардың негізінде дәрігерлік сараптамадан өтуіне;

2) кент және селолық округтеріндегі тіркеуден өтетін азаматтарды дәрігерлік сараптамадан өткізу үшін автокөлікпен баруға;

3) дәрігерлік комиссия құрамына және кеңсе тауарларына жеткілікті қаржы б ө л у ж ү к т е л с і н .

10. Азаматтарды әскерге шақыру участкесіне тіркеуге байланысты әзірленген мәдени-көпшілік шаралары бекітілсін (қосымшада көрсетілген).

11. Аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы Сағадат Қуанышбекұлы Қасымовқа Жанаарқа ауданы аумағында тұратын 1993 жылы

туған азаматтарды өскерге шақыру участкесіндегі қорытындысы жөніндегі ақпаратты аудан әкіміне 2010 жылдың 15 сәуіріне дейін ұсынын.

12. Жаңаарқа ауданы әкімінің 11 желтоқсан 2008 жылғы "Жаңаарқа ауданы аумағында тұратын 1992 жылы туған азаматтарды 2009 жылғы өскерге шақыру участкесіне тіркеу туралы" N 01 шешімінің (Қарағанды облысы Әділет департаменті Жаңаарқа ауданы әділет басқармасында 30 желтоқсан 2008 жылы N 8-12-48 тіркелген, 8 қаңтар 2009 жылғы N 3-5 (9300) "Жаңаарқа" газетінде ресми түрде нормативтік құқықтық акт ретінде жарияланған) күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

13. Осы шешімнің орындалысына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Марат Жандаuletұлы Жандаuletovke жүктелсін.

14. Осы шешім ресми жарияланғаннан соң 10 күннен кейін заң күшіне енеді.

Жаңаарқа ауданының әкімі X. Омаров

КЕЛІСІЛДІ:

"Аудандық қорғаныс істері
жөніндегі бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің бастығы

C.K. Қасымов

Аудандық медикалдық
бірлестігінің директоры

Ж. Қожабекова (келісімі бойынша)

Аудандық ішкі істер
бөлімінің бастығы

Ұ. Қасымов (келісімі бойынша)

"Аудандық білім беру, деңе шынықтыру
және спорт бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің бастығы

Ж. Жетібаев

"Аудандық қаржы бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы

А. Жылқыбаев

"Аудандық жұмыспен қамту және
әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы

Ш. Ибраева

Жаңаарқа ауданы әкімінің
30 желтоқсан 2009 жылғы
N 1 шешімінен
қосымша

Азаматтарды өскерге шақыру участкесіне тіркеуге байланысты өзірленген мәдени-көпшілік шаралары

Рет саны	Атқарылатын Іс-шаралар	Откізілетін мерзімі	Жауапты адамдар
1.	Азаматтарды тіркеу негізінде тәртіптің сакталуы жөніндегі тәрбие жұмыстарын жүргізу	Сағат 9.00-17.00 дейін	Шарт бойынша өскери қызмет және өск шақыру бөлімшесінің бастығы - Бигарашев
2.	«Отанды қорғау – Қазақстан Республикасы азаматтарының міндеті» деген тақырыпта әнгіме өткізу	Сағат 10.00-10.50 дейін	С. Қасымов - аудандық қорғаныс іст жөніндегі бөлімнің бастығы
3.	Қазақстан Республикасының халықаралық катынастары жөнінде әнгіме өткізу	Сағат 11.00-11.50 дейін	М. Жандаулетов – аудан әкімін орынбасары
4.	Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері мәнінде түсінік беру	Сағат 12.00-12.50 дейін	Шарт бойынша өскери қызмет және өск шақыру бөлімшесінің бастығы - Бигарашев
5.	Тұсқі үзіліс	Сағат 13.00-14.00 дейін	
6.	Медициналық сараптама өткізу және өскери училищеге тұсу үшін қандай құжаттар керектігі туралы әнгіме өткізу	Сағат 14.00-16.50 дейін	Дәрігерлер құрамы, аудандық қорғағ істері жөніндегі бөлімнің бастығы
7.	Бір күндік жұмыстың қорытындысы және азаматтарға тіркеу куәлігін тапсыру	Сағат 17.00-18.00 дейін	Шарт бойынша өскери қызмет және өск шақыру бөлімшесінің бастығы - Бигарашев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК